

Қазақстан Республикасы Орман шаруашылығы комитетінің мәселелері

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Үкіметінің Қаулысы 1996 жылғы 26 сәуір N 513. Күші жойылды - ҚРҰ-нің 1997.05.23. N 877 қаулысымен. ~P970877

"Қазақстан Республикасы орталық атқарушы органдарының құрылымын жетілдіру туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 1995 жылғы 19 қазандағы N 2541 U952541_ Жарлығын (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 1995 ж., N 33, 409-бап) орындау мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қазақстан Республикасының Орман шаруашылығы комитеті туралы қоса беріліп отырған Ереже бекітілсін.

2. Облыстық орман шаруашылығы өндірістік бірлестіктері облыстық орман шаруашылығы бірлестіктері болып қайта құрылсын, оларға облыстық орман шаруашылығын мемлекеттік басқарудың атқарушы органы қызметі жүктелсін.

Орман шаруашылығы өндірістік кәсіпорындары және орман аңшылығы кәсіпорындары - тиісінше орман шаруашылығы (орманшары) және орман аңшылығы шаруашылығы болып қайта құрылсын.

3. Қазақстан Республикасы Орман шаруашылығы комитетінің қарамағына 1996 жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша бар штатымен, қаржысымен және материалдық-техникалық базасымен:

"Охотзоопром" кәсіпорындарының аңшылық-кәсіпшілік және зоологиялық өндірістік бірлестігі (мемаңөнеркәсіпшаруашылығы жүйесімен қоса);

Түрген механикаландырылған жеміс орман шаруашылығы, оны Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің "Есік" агроөнеркәсіп комбинаты құрамынан бөле отырып;

Алматы, Ақсу-Жабағылы, Барсакелмес, Батыс Алтай, Қорғалжын, Марқакөл, Наурызым, Үстірт мемлекеттік қорығы - Қазақстан Республикасының Экология және биоресурстар министрлігінің құрамынан бөле отырып берілсін.

Қорықшылық жұмысын ғылыми-әдістемелік жағынан қамтамасыз ету Қазақстан Республикасының Ғылым министрлігіне - Ғылым академиясына жүктелсін.

Қазақстан Республикасының Орман шаруашылығы комитеті, Ауыл шаруашылығы министрлігі, Экология және биоресурстар министрлігі және Қазақстан Республикасының Мемлекеттік мүлікті басқару жөніндегі мемлекеттік комитеті 1996 жылдың 1 шілдесіне дейін аталған құрылымдарды қабылдауды

және беруді жүзеге асырсын.

4. Жергілікті атқарушы органдар орман, ауыл шаруашылығы, жер қатынастары және жерге орналастырудың аумақтық органдарымен бірлесе отырып, 1996 жылы ормандардың биологиялық алуан түрлілігін сақтау және өнімділігін арттыру мақсатында барлық жер пайдаланушылар (ауыл шаруашылығы кәсіпорындарының жекешелендірілген жерлерінен басқа) мен бұрын Қазақстан Республикасының Орман шаруашылығы комитетінің құрамына енген жерлердегі жабайы жеміс-жидек және басқа құнды екпе ағаштарды, өзендердің су жайылымы учаскелері мен су қоймалары аймақтары жағаларындағы орман жерлерін орман қоры құрамына беруді анықтасын және б ө л і п б е р с і н .

5. Қазақстан Республикасының Орман шаруашылығы комитеті, Экология және биоресурстар министрлігі белгіленген тәртіппен табиғат қорғау қорының қаржысын, өсімдіктер мен жануарлар дүниесін қорғау, ұдайы өсіру, ерекше қорғалатын табиғат аумақтарының тіршілік етуі жөніндегі шараларды өткізу бойынша табиғат қорғау заңдарының сақталуы жөніндегі бақылау-инспекциялық қызметтен алынатын қаржысын пайдалануды реттеу бойынша ұсыныс енгізісін.

6. Қазақстан Республикасының Еңбек министрлігі орман және егерлік қорғау кадрларын ынталандыру, тұрақтандыру мақсатында Қазақстан Республикасының Орман шаруашылығы комитеті жүйесінде орманшылар (егерлер) еңбегіне ақы төлеу жөнінде разрядтарды ұлғайту туралы мәселені қарасын және шешсін.

7. Қазақстан Республикасының Мемлекеттік мүлікті басқару жөніндегі мемлекеттік комитеті Қазақстан Республикасының Орман шаруашылығы комитетіне оның мүлікті және ведомствоға қарасты бірлестіктердің, кәсіпорындар мен ұйымдардың мүлкін иелену, пайдалану және басқару құқығын б е р с і н .

8. Қазақстан Республикасының Орман шаруашылығы комитеті: Қазақстан Республикасының Үкіметіне 1996 жылдың 1 шілдесіне дейін арнаулы киімнің сипаттамасын, айырым белгілерін, оны берудің нормасын және арнаулы киімді киіп жүруге құқығы бар Қазақстан Республикасының Орман шаруашылығы комитеті жүйесі қызметкерлерінің лауазымдық санаттарының табелін жасасын және тапсыратын болсын;

Қазақстан Республикасының Әділет министрлігімен бірлесе отырып, үш ай мерзімде Қазақстан Республикасының Үкіметіне осы қаулының қабылдануына байланысты Республика Үкіметінің шешімдеріне өзгерістер енгізу және оның күші жойылғанын тану туралы ұсыныс енгізісін.

Қазақстан Республикасының

Премьер-Министрі

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің
1996 жылғы 26 сәуірдегі
N 513 қаулысымен
БЕКІТІЛГЕН

Қазақстан Республикасының Орман шаруашылығы комитеті
туралы
Е Р Е Ж Е

I. Жалпы ережелер

1. Қазақстан Республикасының Орман шаруашылығы комитеті (Қазорманкомитеті) республиканың орман қорын, орман және аңшылық шаруашылығын, оның иелігіне берілген ерекше қорғалатын табиғат аумақтарын, оның құрылымына енетін (осы Ережеге қосымшаға сәйкес) бірлестіктерді, кәсіпорындар мен ұйымдарды және оларға қатысы бойынша мемлекеттік меншік құқық субъектісі функциясын орындаушы мемлекеттік басқару жүзеге асырушы, Үкімет құрамына енбейтін орталық атқарушы орган болып табылады.

Қазақстан Республикасының Орман шаруашылығы комитетінің, сондай-ақ Қазақстан Республикасындағы ормандардың және аңшылық дүниесінің жәй-күйін, ұдайы өндірілуін, қорғау, сақтау және пайдалану үшін арнайы уәкілетті мемлекеттік бақылау органы болып табылады.

2. Қазақстан Республикасының Орман шаруашылығы комитеті мен оның жергілікті жерлердегі органдары өз өкілеттіктерін жүзеге асыру кезінде Қазақстан Республикасының Конституциясын, Қазақстан Республикасының заңдарын, Қазақстан Республикасының Парламенті мен Президенті және Үкіметінің актілерін, осы Ережені басшылыққа алады.

3. Қазақстан Республикасының Орман шаруашылығы комитеті өзіне қарасты орман шаруашылығы бірлестіктерімен және кәсіпорындарымен, сондай-ақ өзінің құрамына енетін басқа да бірлестіктермен, кәсіпорындармен және ұйымдармен бірлесе отырып, ормандарды, орман және аңшылық ресурстары үшін, оларды қорғау, сақтау және ұдайы өсіру, ұтымды да сарықпай пайдалану үшін Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес өз функциясын жүзеге асыратын мемлекеттік басқару мен бақылаудың бірыңғай жүйесін құрады.

4. Қазақстан Республикасының Орман шаруашылығы комитеті жүйесіндегі

мемлекеттік кәсіпорындар мен ұйымдардың ормандарды, аңшылық дүниесін ұдайы өсіру, қорғау, сақтау қызметін, ерекше қорғалатын табиғат аумақтарын ұстау мен дамытуды, сондай-ақ Комитеттің орталық аппараты мен оның жергілікті жерлердегі органдарын ұстауды қаржыландыру республикалық бюджет қаражаты есебінен орталықтандырылған түрде жүзеге асырылады. Аталған қызметті қаржыландыру үшін, сондай-ақ жергілікті бюджеттердің қаражаты, заңды тұлғалардың, азаматтардың (шетелдіктерді қоса) ерікті түрдегі жәрдемі, шетелдік инвестициялар тартылуы мүмкін.

5. Қазақстан Республикасының Орман шаруашылығы комитеті жергілікті атқарушы органдармен, министрліктермен, осыған өкілетті өзге де мемлекеттік органдармен, кәсіпорындарымен, ұйымдармен - орман және аңшылықты пайдаланушылармен бірге Қазақстан Республикасының орман мен аңшылық ресурстарын қорғау, ұтымды және сарықпай пайдалану, ерекше қорғалатын табиғат аумақтарының сақталуы үшін белгіленген заң тәртібімен жауапты болады.

6. Қазақстан Республикасының Орман шаруашылығы комитеті өз құзыры шегінде облыстардың, аудандар мен қалалардың атқарушы органдарымен, министрліктермен және өзге де атқарушы органдармен, банктік құрылымдармен, Қазақстан Республикасы Ғылым министрлігінің - Ғылым академиясының ғылыми мекемелерімен, басқа да ғылыми, қоғамдық бірлестіктермен және ұйымдармен, бұқаралық ақпарат құралдарымен, құқық қорғау және өзге де арнаулы өкілетті органдарымен өзара іс-қимыл жасайды.

Қазақстан Республикасының Орман шаруашылығы комитеті мен оның жергілікті жерлердегі органдарының өз құзыры шегінде қабылдаған шешімдері Қазақстан Республикасының аумағындағы ведомстволық бағыныстылығына және меншік нысанына қарамастан барлық орман иеленушілер, орман пайдаланушылар, аңшылықты пайдаланушылар, сондай-ақ азаматтар үшін орындауға міндетті болып табылады.

7. Қазақстан Республикасының Орман шаруашылығы комитеті заңды тұлға болып табылады, банк мекемелерінде бюджеттік, есеп айырысу және өзге де шоттары, Қазақстан Республикасының Мемлекеттік елтаңбасы бейнеленген мөрі және қазақ және орыс тілдеріне өзінің толық атауы болады.

2 . М і н д е т т е р і

8. Қазақстан Республикасының Орман шаруашылығы комитетінің негізгі міндеттері:

орман және аңшылық шаруашылығын жүргізу, ерекше қорғалатын табиғат аумақтарының қызмет атқару және дамуы мәселелерінде бірыңғай

ғылыми-техникалық саясатты белгілеу мен жүргізу;

орман және аңшылық ресурстарын олардың экологиялық, экономикалық және әлеуметтік маңызын ескере отырып, қорғау, сақтау, ұдайы өсіру, ұтымды және сарықпай пайдалану саласындағы мемлекеттік басқару;

орман мен аңшылық дүниесінің жәй-күйін, ұдайы өсірілуін, қорғалуы, сақталуы мен пайдаланылуы үшін мемлекеттік бақылауды ұйымдастыру және жүзеге асыру;

ормандардың қорғаныштық функцияларын арттыру мақсатында орман, аңшылық шаруашылықтарды және ерекше қорғалатын табиғат аумақтарын дамыту, олардың сапалық құрамын жақсарту, өсімдік және жануарлар дүниесінің биологиялық алуандылығын сақтау, өсімдік және жануарлар ресурсын ұтымды пайдалануды қамтамасыз ету, орман қоры жерлерін пайдалану жөніндегі басым бағыттары анықтау, мемлекеттік және ұлттық бағдарламаларды жасау мен іске асыру;

орман қоры мен ауланатын жануарлардың, ормандық экологиялық жүйесін мониторингін, мемлекеттік орман кадастры мен жануарлар дүниесінің кадастрының (аңшылық, жәндіктер-зиянкестер және орман үшін пайдалы объекті болып табылатын) мемлекеттік есебін жүргізу, есептелген ағаштарды бекіту, сондай-ақ орман пайдалану мен салалық нормативтердің басқа да нормаларын әзірлеу және бекіту;

ормандарды, ерекше қорғалатын аумақтарды қоса, өрттерден, заңсыз ағаш кесушіліктен және басқа да орман заңдары мен орман пайдалануды бұзушылықтан қорғау, ормандарды зиянкестер мен аурулардан сақтау;

орман ресурстарын ұдайы өсіру, республиканың және оның жекелеген аймақтары аумағының ормандылығын, қорғаныштық орман өсіруді арттыру;

орман пайдаланушыларға ағаштар қоры мен басқа да орман ресурстарын белгіленген тәртіппен бөлу және бекітіп беру;

орман және аңшылық ресурстарын пайдалану үшін ақы төлеуді енгізу негізінде орман және аңшылық шаруашылығын басқарудың экономикалық нысандары мен әдістерін жетілдіру, нарықтық қатынастар жағдайларында кәсіпорындар қызметін ұйымдастыру;

аңшылық шаруашылығын дамыту, аңшылық дүниесін қорғау мен ұдайы өсіру, оны ұтымды пайдалануды ұйымдастыру;

Қазақстан Республикасының Орман шаруашылығы комитеті жүйесіне енетін ұлттық табиғат парктерінің, қорықтардың, қорғалымдардың және басқа ерекше қорғалатын табиғат аумақтары мен объектілерін құру және қызметіне басшылық жасау;

орман және аңшылық шаруашылықтарын, ерекше қорғалатын табиғат аумақтарын нормативтік-әдістемелік, ғылыми және жобалық жағынан

қ а м т а м а с ы з

е т у ;

орман және аңшылық шаруашылықтар, ерекше қорғалатын табиғат аумақтары саласында ғылыми-техникалық ынтымақтастықты және сыртқы экономикалық байланыстарды дамыту болып табылады.

3 . Ф у н к ц и я л а р ы

9. Қазақстан Республикасының Орман шаруашылығы комитеті өзіне жүктелген міндеттерге сәйкес:

Қазақстан Республикасының ерекше қорғалатын табиғат аумақтарын, орман және аңшылық шаруашылықтарын дамытудың кешенді бағдарламасын болжау мен әзірлеуді және оларды іске асыру механизмін жүзеге асырады;

ормандарды топтар мен қорғаныштық санаттарына жатқызу және оларды бір топтан немесе қорғаныштық санатынан басқасына көшіру жөнінде ұсыныстар әзірлейді және оны Үкіметтің бекітуіне ұсынады;

орман қорының мемлекеттік есебін өткізуді, мемлекеттік орман кадастры мен ормандық экологиялық жүйенің мониторингін жүргізуді, орман және аңшылық орналастыруды жүзеге асыруды, орман және аңшылық шаруашылықтарды, ерекше қорғалатын табиғат аумақтарын ұйымдастыру мен дамыту жобаларын әзірлеуді ұйымдастырады;

қоршаған ортаны қорғаудың мемлекеттік органдарының келісімі бойынша Қазақстан Республикасының ормандарында басты мақсатта пайдалану үшін ағаш кесу жөніндегі есепті ағаштарды олардың ведомстволық қарастылығына және орман пайдаланушылардың иелік ету нысандарына қарамастан бекітеді;

Республиканың экономика министрлігімен келісім бойынша басты мақсатта пайдалану үшін ағаш кесу бойынша ағаштар қорын бөледі, сондай-ақ белгіленген тәртіпте орманның қосалқы ресурстарын пайдалану лимитін бекітеді, оларды дайындауға рұқсат береді;

ормандардың су қорғаушылығын, егісті және топырақ қорғаушылығын, санитарлық және басқа орманның табиғат қорғаушылық функцияларын күшейту жөніндегі шараларды әзірлейді және жүзеге асырады;

ормандарды өрттерден, ағашты өз бетімен кесушіліктен және орманға зиян келтіретін басқа да әрекеттерден қорғауды авиациямен және жерде ұйымдастырады;

мемлекеттік орман күзетіне, орман патологиялық қадағалауды және зиянкестер мен аурулар ошақтарының есебін алуды жүзеге асыруға, орманды зиянды жәндіктер мен аурулардан сақтау жөніндегі профилактикалық және басқа да шараларды өткізуге басшылық жасайды;

орман ресурстарын ұдайы өсіру, ормандардың өнімділігі мен сапалық

құрамын арттыру, оларды күтіп-баптау, егіс қорғайтын орман белдеулерін құру, құмдалақтарды, эрозияға ұшыраған жерлерді және жайылымдық жерлерді ормандандыру жөніндегі жұмыстарды ұйымдастыруды қамтамасыз етеді;

селекциялық негізде ағаш тұқымы ісін және ағаш тұқымбағы шаруашылығын ұйымдастырады және дамытады, сүрек пен ағашбұта тұқымдарын дайындауды, екпелік материалды өсіруді қамтамасыз етеді;

орман ресурстарын пайдалануға беру жөніндегі орман шаруашылығы аумақтық органдарының жұмысын, ағаш саудасын өткізуді, орман жерлерін орман пайдаланушыларға бекітіп беруді, сондай-ақ ағашы кесілген жерлерді дер кезінде ағаштардың құнды тұқымдарымен қалпына келтіруді қамтамасыз ететін тәсілдермен есепті ағаштарда белгіленген мөлшерде ағаштар қорын игеру, ормандардың жасы мен тұқым құрамын жақсарту және олардың қорғаныштық функцияларын сақтау жөніндегі жұмысын ұйымдастырады;

күтіп-баптау үшін кесуден және сүректік қалдықтардың ұсақтоварларын қоса, сүректерді дайындау мен ұқсатуды, қосымша ағаш материалдарын, орманның тамақ өнімдерін, дәрі-дәрмектік және техникалық шикізаттарды дайындау мен ұқсатуды, сондай-ақ басқа да қосалқы ағаштарды пайдалану, қосалқы ауыл шаруашылығын дамытуды ұйымдастырады;

барлық орман пайдаланушылардың орман заңдарын, ормандар мен орман қоры жерлерін пайдаланудың белгіленген тәртібі мен ережелерін, орман шаруашылығын жүргізу жөніндегі нормативтік-техникалық құжаттамалардың, ормандық ресурстарды пайдалану саласындағы басқа да нормалар мен ережелердің сақталуына мемлекеттік бақылау жөніндегі жұмысты ұйымдастырады;

нарықтық қатынастар жағдайларындағы жұмысты ескере отырып, орман шаруашылығын басқарудың экономикалық механизмін жетілдіреді;

нарықтық қатынастар жағдайларында өндіріс пен ормандық және аңшылық ресурстарын іске асыру саласында салалық саясатты белгілеу мақсатында маркетингілік зерттеулерді жүзеге асырады;

ормандарды орман таксалық аудандар бойынша бөледі, сондай-ақ өсіп тұрған сүректі такса бойынша босату жөнінде ұсыныстар әзірлейді;

сондай-ақ орман және аңшылық шаруашылықтарын жүргізудің принциптерін айқындау және реттеушілік тәртібі мәселелері бойынша республика заңдары жобаларын, нормативтік актілерін әзірлейді, орман мен аңшылықты пайдалану ережесін; жер және орман ресурсы үшін жалдау төлемдерін қоса орманды пайдаланғаны үшін төлем тәртібін; орман өрттері, өнеркәсіптік қалдықтар мен шаруашылық қызметінің басқа түрлері, орман заңдарын бұзушылықтан келтірілген зиянның мөлшерін есептеу және шығынды өндіріп алу тәртібін, сондай-ақ ведомстволық нормативті актілерді бекітеді;

аңшылық дүниесін қорғау, ұдайы өсіру және ұтымды пайдалануды, сондай-ақ шетел азаматтары үшін аң аулауды ұйымдастыруды қоса, кәсіпшілік, спорттық-әуесқойлық аң аулауды дамытуды қамтамасыз етеді;

аңшылық ресурстарын пайдалануға арналған лимиттер мен квоталар бойынша ұсыныстар әзірлейді, бекітілген лимиттер мен квоталарға сәйкес республика аумағында ауланатын жануарларды иелену құқығына рұқсат беруді жүзеге асырады;

жануарлардың мемлекеттік есебін алу мен кадастрлық (аң аулауға жатқызылған объектілер, сондай-ақ жәндіктер мен зиянкестер және орман үшін пайдалы) қызметті ұйымдастырады, аңшылық дүниесі ресурстарын түгендеу, аңшылық және орман шаруашылығына зиян келтіретін жануарлар санын реттеу жөніндегі жұмысты жүргізеді, республика аумағындағы аңшылық жерлерді аңшылықты пайдаланушыларға бекітіп беру жөніндегі ұсыныстарды әзірлейді;

ұлттық табиғат парктері, қорықтар, қорғалымдар және басқа ерекше қорғалатын табиғат аумақтары мен объектілердің тіршілік етуін қамтамасыз етеді және олардың одан әрі қызмет атқаруы жөнінде ұсыныстар әзірлейді;

ормандарды рекреациялық және ғылыми-зерттеу мақсаттарында пайдалануды қамтамасыз етеді;

сала кәсіпорындарының бүкіл кешені бойынша оларда жүргізілетін шараларды жобалық-сметалық құжаттамамен қамтамасыз ету үшін жобалық-іздігіру жұмысын ұйымдастырады;

орман және аңшылық шаруашылықтары, ерекше қорғалатын табиғат аумақтарының тіршілік етуі саласында басым бағыттарды және аса маңызды ғылыми-техникалық проблемаларды белгілейді, олар бойынша ғылыми-зерттеу, тәжірибе-конструкторлық және жобалық жұмыстар жүргізуді, сондай-ақ ғылым, техника және озық тәжірибе жетістіктерін енгізуді ұйымдастырады;

салада стандарттарды әзірлеу және орман мен аңшылық шаруашылықтарын, ерекше қорғалатын табиғат аумақтары объектілерін метрологиялық қамтамасыз ету жөніндегі жұмысты ұйымдастырады және үйлестіреді;

орман және аңшылық шаруашылықтардың аумақтық органдарын, ведомствоға қарасты кәсіпорындар мен ұйымдарды белгіленген тәртіппен қаржыландырады;

бастапқы бухгалтерлік есепті ұйымдастырады, ведомствоға қарасты құрылымдардағы есепке алу мен есеп берудің жәй-күйін бақылайды, қызметтің барлық түрлері бойынша есеп беру мен баланс жиынтығын қарайды және жасайды, заңда белгіленген тәртіппен сала бөлімшелерін басқаруға байланысты басқа да жұмысты жүргізеді;

орман туралы, республика халқын өсімдік пен жануарлар дүниесіне ұқыпты көзқарас рухында тәрбиелеу туралы білімдерді насихаттау жөніндегі жұмысты

ұ й ы м д а с т ы р а д ы ;

салада, өз құзыры шегінде, ТМД және алыс шетелдік мемлекеттермен сыртқы экономикалық ынтымақтастық мәселелері жөніндегі жұмысты жүзеге асырады және ү й л е с т і р е д і ;

қаржыландырудың мемлекеттік көздері мен комитеттің өзі және оның жергілікті жерлердегі органдары, басқа да көздер қалыптастыратын қаражат есебінен орман және аңшылық шаруашылықтардың, ерекше қорғалатын табиғат аумақтарының материалдық-техникалық базасын дамыту және жетілдіру жөніндегі жұмысты жүргізеді;

жергілікті жерлердегі аумақтық органдарды олардың ормандар мен аңшылық дүниесін қорғау және сақтау, ұдайы өсіру жөніндегі жұмыстарды орындауын қамтамасыз етуі үшін материалдық-техникалық ресурстармен жабдықтау жөніндегі жұмысты үйлестіреді;

саланы білікті кадрлармен, олардың біліктілігін көтеруді қамтамасыз ету жөніндегі шараларды әзірлейді және жүзеге асырады;

салада қауіпсіздік жағдайларын жасау және еңбек қорғауды жақсарту жөніндегі жұмысқа әдістемелік және ұйымдастырушылық басшылық жасауды жүзеге асырады .

4 . Қ ұ қ ы ғ ы

10. Қазақстан Республикасының Орман шаруашылығы комитетінің: министрліктерден, басқа да орталық және жергілікті атқарушы органдардан, олардың бағыныстылығы мен меншік нысандарына қарамастан заңды тұлғалардан республиканың орман және аңшылық шаруашылықтарын жүргізу, өсімдіктер мен жануарлар дүниесін қорғау, өсімдік және жануарлар (балықтан басқа) ресурстарын пайдалану мәселелері жөнінде ақпараттар мен материалдар а л у ғ а ;

ормандар мен жануарлар дүниесі, ерекше қорғалатын табиғат аумақтары жөніндегі заңдарды бұзушыларды жауапкершілікке тарту, оларға айыпты талап қоюға, сондай-ақ Комитеттің бақылаушылық функцияларына байланысты істер бойынша сот органдарында баж салығы төлемінсіз талапкер ретінде жүгінуге;

ормандар мен жануарлар дүниесі, ерекше қорғалатын табиғат аумақтары жөніндегі заңдар талаптары бұзылған жағдайда шаруашылық қызметі, жобалауды, құрылыс салуды, қайта құруды және объектілерді іске қосуды шектеуге, тоқтатып қоюға немесе тыйым салуға;

ормандық, басқа да жабайы өсімдіктер мен аңшылық ресурстарына экспортқа және импортқа арналған лицензиялар беру мәселелері бойынша арнаулы өкілетті органдардың сауалдамасына қорытындылар беруге;

белгіленген тәртіппен орман шаруашылығында орман заңдарын бұзғаны үшін айыппұл таксын есептеу үшін пайдаланылатын орман шаруашылығындағы дайын объектіге, өнім мен қызмет көрсетуге арналған көтерме бағаны бекітуге, сондай-ақ орман тәртібін бұзғаны және жануарлар дүниесі, орман таксы туралы заңдарды бұзғаны үшін айыппұл санкцияларының мөлшерін белгілеу (өзгерту) жөнінде ұсыныстар әзірлеуге;

орман, аңшылық шаруашылықтар және ерекше қорғалатын табиғат аумақтарының тіршілік ету саласында бағдарламалар, жобалар жасауға кәсіпорындарды, мекемелер мен ұйымдарды, ғалымдар мен мамандарды тартуға;

нормативтік актілер әзірлеу, өзге де проблемалар бойынша топтар мен комиссиялар құруға, өз қызметі мәселелері бойынша конференциялар, кеңестер, семинарлар шақыруға және өткізуге;

орман және аңшылық шаруашылықтар, ерекше қорғалатын табиғат аумақтарын дамыту саласында бірлескен халықаралық бағдарламалар жасауға қатысуға, өз құзыры шегінде, белгіленген тәртіппен шет елдердің осындай органдарымен, халықаралық ұйымдармен, фирмалармен және компаниялармен шарттар, келісімдер жасасуға;

орман, аңшылық шаруашылықтар мен ерекше қорғалатын табиғат аумақтарының мәселелері бойынша өз құзыры шегінде халықаралық деңгейде Қазақстан Республикасының мүддесін көрсетуге;

республикалық бюджеттен қаржыландырылатын орман, аңшылық шаруашылықтар мен ерекше қорғалатын табиғат аумақтарының мәселелері бойынша ғылыми-зерттеу, тәжірибе-конструкторлық, жобалық-іздестіру және өндірістік жұмыстарда мемлекеттік тапсырыс беруші ретінде әрекет етуге;

министрліктермен және өзге де атқарушы органдармен, мекемелермен, ұйымдармен және кәсіпорындармен хат-хабар алысуға, өз құзырына жататын мәселелер бойынша орталық атқарушы органдарға ұсыныс енгізуге құқығы бар.

5 . Б а с қ а р у

11. Қазақстан Республикасы Орман шаруашылығы комитетінің аумақтық органдары, кәсіпорындары мен ұйымдары Комитеттің функциясы мен құзыры шегінде барлық деңгейдегі басқару жүйесі мен кадр саясатының біртұтас жүйесін құрайды.

12. Қазақстан Республикасының Орман шаруашылығы комитетін Қазақстан Республикасының Үкіметі тағайындайтын және лауазымнан босататын Төраға басқарады.

Комитет Төрағасының екі орынбасары болады, оның ішінде бір бірінші

орынбасарын төрағаның ұсынысы бойынша Қазақстан Республикасының Үкіметі тағайындайды және лауазымнан босатады. Комитет төрағасы орынбасарларының біреуі лауазымы бойынша Қазақстан Республикасының Бас орманшысы болып т а б ы л а д ы .

13. Қазақстан Республикасының Орман шаруашылығы комитетінің Төрағасы:

Комитеттің және оған бағыныстағы құрылымдардың қызметін басқарады, олар үшін міндетті болып табылатын бұйрықтар шығарады және нұсқаулар б е р е д і ;

Комитетке жүктелген міндеттердің орындалуы үшін жекедара жауапты болады, төраға орынбасарларының, орталық аппарат бөлімшелерінің және басқа ведомствоға бағынысты құрылымдар басшыларының міндеттері мен жауапкершілік дәрежесін белгілейді;

аумақтық органдарды, орман және аңшылық шаруашылықтарының, ерекше қорғалатын табиғат аймақтарының кәсіпорындары мен ұйымдарын құру, қайта құру және тарату, қызметтің осы саласындағы басқару мен мемлекеттік бақылау құрылымын жетілдіру жөнінде ұсыныстар әзірлейді және Республика Үкіметінің қ а р а у ы н а е н г і з е д і ;

адамдардың белгіленген саны және еңбекке ақы төлеу қоры шегінде Комитеттің орталық аппараты штатының кестесін, сондай-ақ өзіне тікелей бағынатын құрылымдық бөлімшелердің құрылымын, ережесі мен жарғысын б е к і т е д і ;

Комитеттің орталық аппаратының қызметкерлерін, орман шаруашылығы бірлестіктерінің және "Охотзоопром" өндірістік бірлестігінің бас директорларын, орман және аңшылық шаруашылықтары кәсіпорындарының, қорықтардың, ұлттық табиғат парктері мен республикалық бағыныстағы басқа да ұйымдардың бірінші басшыларын белгіленген тәртіппен тағайындайды және лауазымынан босатады, сондай-ақ республикалық бағыныстағы ведомствоға қарасты бірлестіктердің, кәсіпорындардың және ұйымдар басшыларының орынбасарларын, бас орманшыларды, бас инженерлерді, бас аңшылықты басқарушыларды және бас бухгалтерлерді бекітеді;

Комитет алқасының жеке құрамын бекітеді;

Комитетке қарасты республикалық бағыныстағы бірлестіктердің, кәсіпорындардың және ұйымдардың басшыларымен жалданып жұмыс істеу к о н т р а к т ы н а қ о л қ о я д ы .

14. Қазақстан Республикасының Орман шаруашылығы комитетінде құрамында Комитет Төрағасы (төраға), оның орынбасарлары, сондай-ақ Комитеттің басқа да қызметкерлері бар алқа құрылады. Комитет алқасының сандық құрамын Қазақстан Республикасының Үкіметі бекітеді.

Алқаның шешімдері хаттамалық шешімдермен рәсімделеді және Комитет Төрағасының бұйрықтарымен жүзеге асырылады.

15. Ғылым мен техниканың негізгі бағыттар бойынша ұсыныстарды қарау, орман, аңшылық шаруашылықтарда және ерекше қорғалатын табиғат аумақтарының тіршілік етуіне ғылыми негізделген бірыңғай техникалық саясатты белгілеу, отандық және шетелдік ғылымның, техниканың және озық тәжірибенің жаңа жетістіктерін өндірісте пайдалану жөнінде ұсыныстар әзірлеу үшін Қазақстан Республикасының Орман шаруашылығы комитетінде ғылыми-техникалық кеңес құрылады.

Ғылыми-техникалық кеңес пен оның құрамы туралы ережені Комитет Төрағасы бекітеді.

16. Қазақстан Республикасының Орман шаруашылығы комитеті жүйесінің мемлекеттік орман қорғау қызметкерлері айырма белгілері бар арнаулы киіммен және бір үлгідегі қызмет куәлігімен қамтамасыз етіледі.

Арнаулы киімнің сипаттамасын, оны берудің нормасын және аталған киімді киіп жүруге құқығы бар қызметкерлердің лауазымдық санатын Қазақстан Республикасының Үкіметі бекітеді.

6. Қайта құру және тарату

17. Қазақстан Республикасының Орман шаруашылығы комитетін қайта құру және тарату Қазақстан Республикасында қолданылып жүрген заңдарға сәйкес жүргізіледі.

ҚОСЫМША

Қазақстан Республикасының Орман шаруашылығы комитеті
жүйесіне кіретін бірлестіктердің, кәсіпорындардың, ұйымдар мен
мекемелердің

Т І З Б Е С І

Орман шаруашылығы бірлестіктері
"Охотзоопром" өндірістік бірлестігі (мемаңөнеркәсіпшаруашылығы
жүйесімен)

Алматы мемлекеттік қорығы

Ақсу-Жабағылы мемлекеттік қорығы

Барсакелмес мемлекеттік қорығы

Батыс Алтай мемлекеттік қорығы
Қорғалжын мемлекеттік қорығы
Марқакөл мемлекеттік қорығы
Наурызым мемлекеттік қорығы
Үстірт мемлекеттік қорығы
Баянауыл мемлекеттік ұлттық табиғат паркі
Көкшетау мемлекеттік ұлттық табиғат паркі
Іле Алатауы мемлекеттік ұлттық табиғат паркі

Орман шаруашылықтары, орман аңшылық және аңшылық шаруашылықтар,
орман мелиорациялық станциялар, орман-жеміс тұқымбақтары
"Лавар" оқу-өндірістік селекциялық кәсіпорны
Қазақ орман орналастыру кәсіпорны
Орман шаруашылығын жобалау жөніндегі Қазақ мемлекеттік
жобалау-іздістіру институты (бөлімшелерімен)
Қазақ орман шаруашылығы жетекші қызметкерлері мен мамандарының
біліктілігін арттыру және қайта даярлау институты
Қазақ республикалық ағаш тұқымы станциясы (аймақтық станциялар
жүйесімен)
Ормандарды қорғау және орман шаруашылығына қызмет көрсетуші
Қазақ авиация базасы
Республикалық инженерлік орман селекциялық-тұқым шаруашылығы
орталығы (бөлімшелерімен)
Орман қорғау станциялары